


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
М.ӘУЕЗОВ атындағы ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ



**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

6B01101 – «Психология (IP)»

Тіркеу номері	6B01100084
Білім беру саласының коды мен жіктелуі	6B01-Педагогикалық ғылымдар
Даярлау бағыттарының коды мен жіктелуі	6B011-«Педагогика и психология»
Білім беру бағдарламаларының (БББ) тобы	6B001-«Педагогика и психология»
БББ түрі	Инновациялық
ББХСЖбойынша деңгейі	6
ҰБШбойынша деңгейі	6
СБШбойынша деңгейі	6
Оқыту тілі	қазақ, орыс, ағылшын
БББ көлемі	240 кредит
Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері	Инновациялық
Серіктес-ЖОО (ҚББ)	-
Серіктес-ЖОО (ҚДББ)	-

Шымкент, 2024 ж.

## МАЗМҰНЫ

1	Бағдарламаның концепциясы	
2	Білім беру бағдарламасының паспорты	
3	ББ бітіруші түлегінің құзыреттіліктері	
4	Пәндердің оқыту нәтижелерін қалыптастыруға ықпалы мен еңбек көлемі туралы мәліметтер матрицасы	
5	Білім беру бағдарламасының модульдері бөлінісінде игерілген кредиттердің көлемін көрсететін жиынтық кестесі	
6	Оқыту стратегиясы мен әдістері, бақылау және бағалау	
	ББ оқу-ресурстық қамтамасыз ету	
	Келісу парағы	
	Қосымша 1. Жұмыс берушіден рецензия	
	Қосымша 2. Сараптамалық қорытынды	

## 1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КОНЦЕПЦИЯСЫ

<p style="text-align: center;"><b>Университет миссиясы</b></p>	<p>Жаңа құзыреттіліктерді қалыптастыруға, зерттеушілік ойлау мен мәдениетті тарататын көшбасшыны дайындау.</p>
<p style="text-align: center;"><b>Университет құндылықтары</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Ашықтық - өзгерістерге, инновацияларға және ынтымақтастыққа ашық</li> <li>• Шығармашылық-идеяларды тудырады, оны дамытады және құндылықтарға айналдырады</li> <li>• Академиялық еркіндік – таңдау, даму және әрекетету еркіндігі.</li> <li>• Серіктестік - барлығы жеңе тін қарым-қатынаста сенім мен қолдауды қалыптастырады</li> <li>• Әлеуметтік жауапкершілік – міндеттемелерді орындауға, шешімдер қабылдауға және олардың нәтижелері үшін жауапты болуға дайын</li> </ul>
<p style="text-align: center;"><b>Түлек үлгісі</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Терең пәндік білім, оны кәсіби қызметте қолдану және үнемі кеңейту</li> <li>• Ақпараттық және цифрлық сауаттылық және жылдам өзгеретін ортадағы ұтқырлық.</li> <li>• Зерттеу дағдылары, шығармашылық және эмоционалдық интеллект</li> <li>• Кәсіпкерлік, тәуелсіздік және өз қызметі мен әл-ауқатына жауапкершілік</li> <li>• Жаһандық және ұлттық азаматтық, мәдениеттер мен тілдерге төзімділік</li> </ul>
<p style="text-align: center;"><b>БББ бірегейлігі</b></p>	<p>БВ01101 – «Психология (IP)» БББ инновациялық, Тұрақты даму мақсаттарына, 21 ғасыр дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Ол нақты қолданбалы міндеттерді шешуде құзыреттілігі бар және білім беру процесінде студенттерге психологиялық қолдау көрсететін білім беру ұйымындағы психологтың қажеттіліктерді бағалау, араласуды жоспарлау және ұйымдастыру, араласу сапасын бақылау, тиімділігін бағалау сияқты жұмыстарына негізделген. Бұл БББ әзірлеу кезінде білім беру мекемесіндегі психологтың нақты қолданбалы міндеттерін шешу құзыреттіліктеріне басты назар аударылған. «Психология» БББ-ның негізгі айырмашылығы – білім алушылардың және білім беру үдерісінің басқа қатысушыларының әл-ауқатына және тәуекелді азайтуға көбірек көңіл бөлу болып табылады.</p> <p>БББ болашақ мұғалімдердің құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтірмей, теңдік, сыйластық, толеранттылық қағидаттарын сақтай отырып, оқуға тең мүмкіндіктер береді. Табиғаты жағынан ол пәнаралық, болашақ мұғалімдерге бағытталған, ғылыми интеграцияланған және проблемалық-бағдарланған болып табылады, ал курстарды таңдау тарих пен қоғамның өзекті мәселелерімен анықталады және курстардың халықаралық дескрипторларына сәйкес келеді.</p> <p>БББ оқыту мен бағалау әдістері, сондай-ақ пәндік курстар бағдарламада көрсетілген құзыреттіліктерге қол жеткізу мен өлшеуді қамтамасыз ететіндей етіп таңдалатын,</p>

	<p>сындарлы келісім қағидаттарын көздейтін. Сонымен қатар, бағдарлама болашақ мұғалімдердің көпұлтты және көпконфессиялы құрамын және олардың оқытуды қолдаудағы әртүрлі қажеттіліктерін ескере отырып, инклюзивті тәсілді ұстанады.</p>
<p><b>Академиялық адалдық және этика саясаты</b></p>	<p>Университетте академиялық адалдық пен академиялық еркіндікті сақтау, кез келген төзімсіздік пен кемсітушіліктен қорғау шаралары қабылданды:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Академиялық адалдық ережелері (10.10.2022 ж. №212-нқ бұйрығы);</li> <li>– Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт (07.12.2021ж. №221-нқ бұйрығы);</li> <li>Әдеп кодексі (10.10.2022ж., №212-нқ бұйрығы);</li> </ul>
<p><b>БББ әзірлеудің нормативтік-құқықтық негіздері</b></p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;</li> <li>2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы No 595 бұйрығымен және 29.12.2021ж №614 өзгерістер мен толықтыруларымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;</li> <li>3.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына 02.06.2023ж. №252 бұйрығымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулар</li> <li>4. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары;</li> <li>5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі No 152 бұйрығымен және 23.09.2022 жылғы №79 өзгерістер мен толықтыруларымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесі;</li> <li>6.Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы No 553 бұйрығымен бекітілген Басшылар, мамандар және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы.</li> <li>7.Оқу процесіне ECTS принциптерін енгізу және академиялық еркіндікті кеңейту бойынша әдістемелік ұсыныстар. ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің бұйрығына қосымша. Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 12 ақпандағы № 57 бұйрығы</li> <li>8.Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі Нұсқаулық, ҚР ҒЖБМ жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығы директорының 4.05.2023 жылғы № 601 н/к бұйрығына 1-қосымша</li> </ol>

<b>Білім беру процесін ұйымдастыру</b>	Болон процесі, студенттік орталықтандырылған оқыту, қолжетімділік және инклюзивтілік қағидаттарын қолдана отырып, білім беру процесін ұйымдастыру арқылы оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған.
<b>БББ сапасын қамтамасыз ету</b>	стейкхолдерлерді оны әзірлеуге және бағалауға, оның мазмұнын жүйелі бақылауға және шолуға тарту.
<b>Оқуға түсушілерге қойылатын талаптар</b>	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес ҚР БҒМ 31.10.2018 жылғы №600 бұйрығына 02.06.2023ж. №252 бұйрығымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулар
<b>Мүгедектігі және ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларға арналған білім беру бағдарламаларын іске асыру шарттары</b>	<p>Ерекше білім беруді қажеттетін және мүмкіндігі шектеулі білім алушылар үшін оқу ғимараттары мен студенттік жатақханаларда тактильді ПВХ плиткалары, арнайы жабдықталған дәретханалар, мнемоникалық схемалар, душ бөлмелерінде штангалар орнатылған. Автотұрақта арнайы орындар жасалған. Шынжыр табанды көтергіш орнатылған. Қозғалысы шектеулі адамдарға (ҚША) арналған үстелдер, қозғалыс бағытын көрсететін белгілер, пандустар қойылған. Оқу корпустарында (басғимарат, № 8 ғимарат) тірек-қимылаппараты (ТҚА) бұзылыстары бар пайдаланушылар үшін бейімделген алты жұмыс орны бар 2 бөлме жабдықталған. Көру қабілетін ашар пайдаланушылар үшін SARA™ CE машинасы (2 дана) кітаптарды сканерлеу және оқу үшін қолжетімді. Кітапхананың веб-сайтын ашар көретіндерге бейімделген арнайы NVDA аудио бағдарламасы қызмет көрсетеді. ББАО сайты <a href="http://lib.ukgu.kz/">http://lib.ukgu.kz/</a> тәулік бойы жұмыс істейді.</p> <p>Оқу процесін ұйымдастыруда және сабақтардың барлық түрлерінде жеке сараланған тәсіл қарастырылған.</p>

## 2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

<b>БББ мақсаты</b>	Білім беру процесінің субъектілерін психологиялық қолдау міндеттерін іске асыру үшін білім беру мекемесінің психологын даярлау.
<b>БББ міндеттері</b>	<p>Бұл БББ әзірлеу кезінде білім беру мекемесіндегі психологтың нақты қолданбалы міндеттерін шешу құзыреттіліктеріне басты назар аударылған.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– білім алушылардың және білім беру үдерісінің басқа қатысушыларының әл-ауқатына және тәуекелді азайтуға көбірек көңіл бөлу.</li> <li>- болашақ мұғалімдердің құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтірмей, теңдік, сыйластық, толеранттылық қағидаттарын сақтай отырып, оқуға тең мүмкіндіктер.</li> <li>- табиғаты жағынан ол пәнаралық, болашақ мұғалімдерге бағытталған, ғылыми интеграцияланған және проблемалық-бағдарланған болып табылады, ал курстарды</li> </ul>

	<p>таңдау тарих пен қоғамның өзекті мәселелерімен анықталады және курстардың халықаралық дескрипторларына сәйкес келеді.</p> <p>- БББ оқыту мен бағалау әдістері, сондай-ақ пәндік курстар бағдарламада көрсетілген құзыреттіліктерге қол жеткізу мен өлшеуді қамтамасыз ететіндей етіп таңдалатын, сындарлы келісім қағидаттарын көздейді.</p> <p>- болашақ мұғалімдердің көпұлтты және көпконфессиялы құрамын және олардың оқытуды қолдаудағы әртүрлі қажеттіліктерін ескере отырып, инклюзивті тәсілді ұстанады.</p>
БББ үйлесімділігі	<ul style="list-style-type: none"> <li>•Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңберінің 6-шы деңгейі</li> <li>• 6 -шы біліктілік деңгейінің Dublin Descriptors</li> <li>• Еуропалық жоғары білім кеңістігі біліктілік шеңберінің 1-ші циклі (A Framework for Qualification of the European Higher Education Area)</li> <li>• Өмір бойы білім алудың Еуропалық біліктілік шеңберінің 6-деңгейі (The European Qualification Framework for Lifelong Learning)</li> </ul>
БББ кәсіби саламен байланысы	<p>1.Салалық біліктілік шеңбері: Инновациялық қызмет; Адами ресурстарын басқару, әлеуметтік әріптестік жөніндегі салалық комиссияның инновациялар саласының әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі шешімімен бекітілген, 2019 жылғы 29 шілдедегі №102-ХТ хаттама;</p> <p>2."Педагог" кәсіби стандарты (Қазақстан Республикасы Білім министрінің м. а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығымен бекітілген);</p> <p>3. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығымен бекітілген басшылар, мамандар және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы.</p>
Берілетін дәреженің атауы	Білім беру бағдарламасын сәтті аяқтағаннан кейін бітірушіге "6B01101 – Психология (IP)" білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавр дәрежесі беріледі
Біліктілік пен лауазымдар тізімі	педагог-психолог, отбасылық психолог, балалар психологы, кеңесші психолог, білім беру және психологиялық қызметтер саласындағы әлеуметтік психолог лауазымын атқара алады.
Кәсібиқызметсаласы	білім беру саласы және әлеуметтік сала.
Кәсіби қызмет нысандары	<ul style="list-style-type: none"> <li>- меншік нысанына және ведомстволық тиесілілігіне қарамастан барлық типтегі және түрдегі білім беру ұйымдары;</li> <li>- арнайы түзету ұйымдары (ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған мектеп-интернаттар, түзету сыныптары);</li> <li>- техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары (колледждер);</li> <li>- мәдениет ұйымдары (оқушылар сарайлары, балаларды дамыту орталықтары);</li> <li>- халыққа әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі ұйымдар</li> </ul>

	(халықтың тұрмысы төмен топтарымен жұмыс жөніндегі әлеуметтік орталықтар), халықтың әлеуметтік осал топтарына психологиялық көмек көрсету жөніндегі қоғамдық қорлар); - ғылыми-зерттеу және консалтингтік ұйымдар.
Кәсіби қызмет пәні	- әр түрлі ұйымдардың субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдау; - жеке тұлғаның әлеуетті мүмкіндіктерін дамыту мақсатында жеке және психикалық салаларды зерттеу; - халықтың психологиялық денсаулығы.
Кәсіби қызмет түрлері	- білім беру (педагогикалық), - оқу-тәрбие, - диагностикалық, - түзету-дамыту, - ғылыми-әдістемелік, - эксперименттік-зерттеу, - әлеуметтік-педагогикалық, - түзету-инклюзивті.
Оқыту нәтижелері	<b>ОН1.</b> Инклюзивті ортада білім алушыларды тұлға ретінде қолдау жүйесін әзірлейді және енгізеді. <b>ОН2.</b> Диалог пен коммуникацияны пайдалана отырып, оқыту мен бағалаудың өзекті әдістерін қолданады. <b>ОН3.</b> Педагогикалық зерттеулерді рефлексиялық тәжірибе ретінде жүзеге асырады. <b>ОН4.</b> Балалардың оқуын жеңілдетеді. <b>ОН5.</b> Балалардың жеке және жас ерекшеліктеріндегі білімі мен түсінігін түсіндіреді. <b>ОН6.</b> Балалардың когнитивті және нейропсихологиялық дамуы туралы білімдерін тәжірибеде қолданады. <b>ОН7.</b> Психологтың білім берудегі этикалық стандарттарын сақтайды. <b>ОН8.</b> Балалардың топтарын ұйымдастыру және оларға баланың жеке басының қатысуы туралы әлеуметтік білімді басшылыққа алады және қолданады. <b>ОН9.</b> Баланың және оның отбасының психологиялық-педагогикалық дамуын, психоәлеуметтік даму тәуекелдерін бағалайды. <b>ОН10.</b> Баланың және балалар тобының дамуына мониторинг пен сараптаманы жүзеге асырады. <b>ОН11.</b> Нормотиптік және ерекше баланы бағалауды жүргізеді. <b>ОН12.</b> Балалар мен отбасыларды қолдау, кеңес беру, абилитациялау, оңалту, алдын алу бағдарламаларын жүзеге асырады.

### 3. ББ бітіруші түлегінің құзыреттіліктері

Педагогикалық және жалпы құзіреттілік салалары/оқу нәтижелері	
<b>ЖҚ1 Педагогика және дидактика саласындағы құзыреттіліктер</b>	- Болашақ мұғалімдердің оқу туралы негізгі білімі мен түсінігі бар және оқу/оқыту процесінде оқушылардың әртүрлілігін ескере алады, сонымен қатар олардың өмірлік және оқу контекстін ескере отырып, олардың

	<p>психологиялық әл-ауқатын этикалық тұрғыдан қолдауға қабілетті.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Болашақ мұғалімдер білім беру ортасының әртүрлі типтеріндегі оқу және көшбасшылық процестерін педагогикалық мағыналы түрде жобалауға, жүзеге асыруға, бағалауға және дамытуға, соның ішінде тәрбиешінің оқытуды қолдайтын әртүрлі цифрлық ресурстарды пайдалану мүмкіндігіне ие.</li> <li>-Білім беру процесіне қатысушылардың қиындықтарын анықтау және диагностикалау, ағарту және ұйымдастыру-әдістемелік қызмет кезінде психологиялық көмек пен сүйемелдеуді қамтамасыз етеді.</li> </ul>
<p><b>ЖҚ2 Өзара іс-әрекетке қатысты құзыреттіліктер аясы</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Болашақ мұғалімдер әртүрлі интерактивті көп мәдениетті қарым-қатынастар мен қоғамдарда, осы қызмет түрінің алдында қойылған мақсаттарды ескере отырып, офлайн да, онлайн да сындарлы сөйлесе алады;</li> <li>- Болашақ мұғалімдер әртүрлі кәсіби желілік қауымдастықтарда жұмыс істей алады, сондай-ақ сындарлы меншік педагогикалық және қоғамдық қызметке қажетті кәсіби қарым-қатынасты түзе алады.</li> <li>- Болашақ мұғалімдер орта білім берудегі үш тілдік білім беру шеңберінде оқыту мүмкіндігіне, сондай-ақ педагогтың жаһандық білім беру қауымдастығына қатысу қабілетіне ие.</li> </ul>
<p><b>ЖҚ3 Педагогтардың жұмыс ортасына қатысты құзыреттіліктер аясы</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Болашақ мұғалімдер халықаралық және ұлттық келісімдер және құжаттармен, сондай-ақ қоғамның әлеуметтік-мәдени құрылымдарымен, мекемелерінің жұмысына және өзінің қызметіне әсер ететін ұлттық білім беру қағидаттарымен, заңнамаларымен және ережелерімен таныс.</li> <li>- Болашақ мұғалімдер (а) ұйымының қызметіне байланысты өз қызметін қарастыруға; (ә) өзара және мектептен тыс серіктестер (отбасы, аймақтық субъектілер, еңбек қызметі) арасында оң көзқарас пен көп бейінді серіктестікті құру бағытында парасатты жұмыс істеуге қабілетті.</li> </ul>
<p><b>ЖҚ4 Кәсіби дамуға қатысты құзыреттіліктер аясы:</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Болашақ мұғалімдер ойлауға, сондай-ақ өзінің құндылықтарын, ұстанымдарын, этикалық қағидаттары мен жұмыс істеу әдістерін сыни тұрғыдан бағалауға, сонымен қатар меншік педагогикалық дамуы, ұйымының дамуы мен кәсіби өркендеуі жолында жаңа мақсаттар қоюға қабілетті.</li> <li>- Болашақ мұғалімдер аймақтық, ұлттық және халықаралық деңгейде күтілетін өзгерістерге байланысты өздерінің педагогтік қызметін, жұмыс істейтін ұйымдарының қызметін дамыту қабілетіне ие.</li> <li>- Болашақ мұғалімдер әртүрлі сенімді көздерден және әртүрлі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен теориялық білімді өндіріп, іздеп, сыни іріктей алады, тәжірибелік біліммен қосылып, олар оның өзінің, оның қауымдастығы ұстанатын теорияларды дамытуға ықпал етеді, сонымен қатар оқытудың алға басуы мен</li> </ul>



	меншік кәсіби өсуі үшін білімді қолдануға қабілетті және дайын.
<b>Пәндік және жалпы құзыреттілік салалары/оқу нәтижелері</b>	
<b>ЖҚ5 Психологиялық-педагогикалық бағалау бойынша құзыреттіліктер саласы</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Болашақ мұғалімдер бала тұлғасының жеке психологиялық қасиеттерін және олардың даму ерекшеліктерін бағалай алады.</li> <li>- Болашақ мұғалімдер психологиялық-педагогикалық бағалаудың теориялық негіздері мен әдістерін, балалар мен жасөспірімдердің оқуындағы, мінез-құлқы мен дамуындағы бұзушылықтардың себептерін біледі.</li> <li>- Болашақ мұғалімдер әлеуметтік және тұлғааралық қақтығыстардағы, мәдени кедергілер мен шиеленістегі проблемалық жағдайларды талдай алады.</li> <li>- Болашақ мұғалімдер психологиялық-педагогикалық іс-әрекетте әртүрлі ғылыми негізделген әдістер мен технологияларды қолдана алады, мәліметтерді жинау, өңдеу және оларды түсіндіруді ұйымдастырудың заманауи технологияларын меңгереді.</li> <li>- Болашақ мұғалімдер психологиялық-педагогикалық бағалау нәтижелері бойынша құжат жобаларын әзірлей алады, психологиялық-педагогикалық бағалау нәтижелері бойынша қорытынды дайындау технологиясын біледі.</li> <li>- Ұсынылған диагностиканың мақсаттары мен міндеттерін анықтайды.</li> <li>- Білім алушылардың жағдайын психологиялық бақылау дағдыларын қолданады.</li> <li>- Білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, диагностика жүргізудің рұқсат етілген әдістері мен әдістемелерін ажыратады</li> </ul>
<b>ЖҚ6 Психологиялық-педагогикалық аралас бойынша құзыреттіліктер саласы</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Болашақ мұғалімдер оқу үрдісіне қатысушылардың тәртіптік ерекшеліктеріне араласуға қабілетті.</li> <li>- Болашақ мұғалімдер белгілі бір баланың және балалар тобының дамуының өзекті мәселелерін шешуге өз үлесін қоса алады.</li> <li>- Болашақ мұғалімдер психологиялық араласудың әртүрлі жеке және топтық бағдарламаларын жасай алады.</li> <li>- Болашақ мұғалімдер білім беру ортасының мүмкіндіктерін талдау негізінде білім алушылардың танымдық және тұлғалық дамуына бағытталған жеке бағдарламаларды құрастыра және жүзеге асыра алады.</li> <li>- Болашақ мұғалімдер білім беру ортасының тәуекелдерінің алдын алу және жеңу тәжірибесін көрсетеді.</li> </ul>
<b>ЖҚ7 Психологиялық профилактика бойынша құзыреттіліктер саласы</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Болашақ мұғалімдер білім беру үдерісіне қатысушылардың тұлғасын қалыптастыру мен дамытуда мүмкін болатын бұзушылықтар туралы ескертуге қабілетті.</li> <li>- Болашақ мұғалімдер баланың және білім беру үдерісінің барлық мүшелерінің психикалық тепе-теңдігі мен салауаттылық жағдайын сақтауға және нығайтуға ықпал етеді.</li> <li>- Болашақ мұғалімдер баланың әл-ауқатының дамуына көңіл бөлуді арттыру мақсатында психологиялық білімдерін тарата алады.</li> </ul>

	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Болашақ мұғалімдер психологиялық мәдениет деңгейін және өмір сүру сапасын арттыру мақсатында психологиялық көмек көрсету мүмкіндіктері туралы жоғары хабардарлықты қамтамасыз ете алады.</li> </ul>
<b>ЖҚ8 Психологиялық кеңес беру бойынша құзыреттіліктер саласы</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Болашақ мұғалімдер тәртіптік, психикалық, бірлескен және басқа да кеңес беру үлгілері бойынша білімін және оларды орынды қолдануды білетінін көрсетеді.</li> <li>- Болашақ мұғалімдер орын алған жағдайда барынша лайықты кеңес беру әдісін парасатты қолдана алады.</li> <li>- Болашақ мұғалімдер кеңесші психологтың жақсы дамыған дағдыларын, оның ішінде белсенді тыңдау, клиенттің мінез-құлқындағы өзгерістерге сезімталдық, кері байланыс беру қабілеті және т.б. дағдыларын меңгереді.</li> <li>- Болашақ мұғалімдер оқу үрдісіне қатысушылардың психологиялық мәселелерін шешуге өз үлесін қоса алады.</li> <li>- Болашақ мұғалімдер психикалық дамыту, оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша жеке психологиялық кеңес беруді ұйымдастыра алады.</li> <li>- Психологиялық-педагогикалық ережелерді, консультативтік практиканы жүзеге асыру нысандары мен әдістерін меңгереді.</li> </ul>
<b>ЖҚ9 Психологиялық білім беру бойынша құзыреттіліктер саласы</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Болашақ мұғалімдер білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру мекемесіндегі психологиялық-педагогикалық ағартудың міндеттері мен принциптерін, нысандары мен бағыттарын, тәсілдері мен әдістерін түсіндіреді.</li> <li>- Болашақ мұғалімдер Қазақстан Республикасының еңбек, білім және бала құқықтары саласындағы заңнама нормаларын, бала құқықтары мен балаларға білім беру саласындағы халықаралық нормалар мен шарттарды түсіндіре алады.</li> <li>- Білім алушылар мұғалімдерге, оқытушыларға, білім беру мекемелерінің әкімшілігіне және ата-аналарға (заңды өкілдерге) балалар мен жасөспірімдердің психикалық дамуы мәселелері бойынша психологиялық-педагогикалық және құқықтық ағарту жұмыстарын жүзеге асыруға қабілетті.</li> <li>- Болашақ мұғалімдер білім беру үдерісіне қатысушылардың психологиялық-педагогикалық және құқықтық құзыреттілігін арттыру бағдарламаларын әзірлеп, жүзеге асыра алады.</li> <li>- Болашақ мұғалімдер психологиялық-педагогикалық және құқықтық мәдениетін арттыру мақсатында білім беру үдерісіне қатысушыларға ағарту жұмыстарын жүргізу үшін ересектер педагогикасының әдістерін меңгереді.</li> <li>- Болашақ мұғалімдер білім беру үдерісіне қатысушылардың психологиялық-педагогикалық ағартуы мәселелерін шешу үшін оқыту, пікірталас жүргізу, презентациялар жасау дағдыларына ие.</li> </ul>
<b>Міндетті компонент: құзыреттілік салалары/оқу нәтижелері</b>	
<b>ЖҚ10 Дүниетанымдық,</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Болашақ мұғалімдер табиғи және әлеуметтік әлемді ғылыми әрі философиялық таным әдістерімен ғылыми</li> </ul>

<p><b>тарихи және адамгершілік дамуға қатысты құзыреттілік бағыты</b></p>	<p>түсіну мен зерттеуді қамтитын философия негіздерін білу арқылы қалыптасқан дүниетанымдық ұстанымдар негізінде қоршаған ортаны бағалай алады.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Болашақ мұғалімдер мифологиялық, діни және ғылыми дүниетанымның мазмұны мен ерекшеліктерін түсіндіре алады.</li> <li>- Болашақ мұғалімдер Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдерін, заңдылықтары мен ерекшеліктерін терең түсініп, ғылыми талдау жасай алады</li> <li>- Болашақ мұғалімдер Қазақстанның тарихи оқиғаларының себептері мен салдарын талдай алады.</li> </ul>
<p><b>ЖҚ11 Әлеуметтік, мәдени және азаматтық дамуға қатысты құзыреттіліктер бағыты</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Болашақ мұғалімдер өзінің моральдық және азаматтық ұстанымдарын дамыта алуы және қоғамның әлеуметтік, іскерлік, мәдени, құқықтық және этикалық нормаларына сәйкес әрекет ете алады.</li> <li>- Болашақ мұғалімдер әлеуметтік-саяси, экономикалық және құқықтық білімдерінің негіздерін біледі және түсінеді, өзінің жеке және кәсіби бәсекеге қабілеттілігін көрсете алады.</li> <li>- Болашақ мұғалімдер әлеуметтік және өндірістік саладағы жағдайларға баға беріп, болып жатқанның барлығына өзінің берген бағасын дәлелдей алады.</li> </ul>
<p><b>ЖҚ12 Тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынасқа қатысты құзыреттіліктер бағыты</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Болашақ мұғалімдер тұлғааралық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынастың түрлі саласында жағдайды бағалай алады; қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша/жазбаша қарым-қатынас жасай алады.</li> <li>- Болашақ мұғалімнің өзінің жеке қызметінде ақпараттық-байланыстық технологияның түрлерін – ақпаратты іздеу, сақтау, өңдеу, қорғау, тарату үшін интернет-ресурстарды, бұлтты және мобильді сервистерді пайдалану мүмкіндігіне ие.</li> <li>- Болашақ мұғалімдер дене тәрбиесі әдістері мен құралдары арқылы толыққанды әлеуметтік және кәсіби қызметін қамтамасыз ету үшін салауатты өмір салтын ұстана алады.</li> <li>- Болашақ мұғалімдер әдіснама мен талдауды таңдай, ғылыми зерттеу әдістері мен тәсілдерін қолдана, сондай-ақ жаңа білімді түзе алады.</li> </ul>







білім модулі			<p>құбылыстарды түсіндіру.  Мазмұны. Қоғамдардың әлеуметтік-этикалық құндылықтарын ескеру. Әлеуметтік, саяси, мәдени, психологиялық институттардың ерекшеліктерін олардың қазақстандық қоғамды жаңғыртудағы рөлі контекстінде түсіну. Қоғамдағы, соның ішінде кәсіби қоғамдағы жанжалды жағдайларды шешуге шешім қабылдау.  Саяси институттар мен процестерді, саясат, билік, мемлекет және азаматтық қоғам туралы идеяларды талдау және түсіндіру әдістерін зерттеу, социологиялық, салыстырмалы талдау әдістері мен әдістерін түсіну және қолдану, қазіргі әлемдегі саяси жағдайдың мәні мен мазмұнын түсіну. Негізгі саяси институттарды талдау және жіктеу.</p>														
	ЖБП МК	Мәдениеттану және психология	<p>Мақсаты: тарих, қазіргі тенденциялар, мәдениет пен психологияны дамытудың өзекті мәселелері мен әдістері туралы ғылыми білімдерін, психологиялық құбылыстарды жүйелі талдау дағдыларын қалыптастыру.  Мазмұны. Мәдениеттің морфологиясы, тілі, семиотикасы, анатомиясы. Көшпелілер, прототүркілер, түріктер мәдениеті.</p>	4					√	√							



















	ері			сондай-ақ серіктестіктің басқа да түрлері шеңберінде қарым-қатынас жасауға, өзара әрекеттесуге және ынтымақтасуға және өздерінің педагогикалық қызметін дамытуға қолайлы жаңа өзара байланыстар жасауға қабілетті.													
		БП		<p>Психологиялық және педагогикалық бағалау (педагогикалық практика, 2-курс)</p> <p>Бұл курс педагогтік құзыреттіліктің келесі салаларын дамытуға бағытталған: Педагогика мен дидактика саласындағы құзыреттіліктер (1, 2)  Өрекеттестік үшін құзыреттіліктер саласы (3, 4, 5)  Мұғалімдердің жұмыс ортасы үшін құзыреттіліктер саласы (6, 7)  Кәсіби даму үшін құзыреттіліктер саласы (8, 9, 10)  Бұл курстың мақсаты болашақ мұғалімдерді білім беру мекемесінің тұтас педагогикалық үдерісінің ерекшеліктерімен таныстыру және білім беру үдерісін психологиялық-педагогикалық қамтамасыз ету саласында талдау-рефлексивтік, зерттеу, жобалық және басқа дағдыларды қалыптастыру болып табылады.  Бұл курстың пререквизиті педагогикалық компоненттің «Педагогикалық зерттеулер» курсы аяқтау болып табылады.</p>	2			√									
	Білім беру	БП	ЖК	Білім беру туралы ғылым және	Болашақ мұғалімдер оқытудың әртүрлі теориялары мен педагогикалық	3	√			√							



	туралы ғылым және оқытудың негізгі теориялары		оқытудың негізгі теориялары	<p>үлгілеріне жетелейтін тұлғаның тұжырымдамалық бейнелері сияқты педагогика ғылымының негіздерін меңгереді. Теориялық тұжырымдамаларды түсіну негізінде болашақ мұғалімдер әртүрлі оқу жағдайларына сәйкес педагогикалық таңдау жасай алады. Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: адам тұжырымдамалары мен олардың оқуды түсінудегі және білім беру үдерісін жобалаудағы маңызын ажыратады; оқыту теориялары мен олардың оқуды түсінудегі және білім беру үдерісін жобалаудағы маңызын ажыратады; жан-жақты оқыту үдерісіне қолайлы оқыту теориялары мен педагогикалық үлгілерді қолданады.</p>												
